

ӘОЖ 37.01.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

К.Ш.Оразимбетова

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Білім беру мәселелері қашанда философиялық концепцияларда маңызды орын алып келген. Осы орайда Платон, Аристотель, Августин, Руссо т.б. есімдерін еске салып өтуге болады. Білім берудің мәдени-тарихи құндылығын ұғыну дәл осы есімдермен тікелей байланысты. Тіпті философиялық ой тарихының бір кезеңі Ағартушылық деп аталатыны да белгілі.

XX ғасырда В.Дильтей, М.Бубер, А.Н.Уайтхед, К.Ясперс жаңа білім беру институттарының жобаларын жасаған.

Прагматизм философиясының негізін салушы Д.Дьюи «Мектеп және қоғам» атты кітабында сол кездегі мектептік жүйені «барлығы тек тыңдап отыруға бейімделгендігі», «баланың өзіне, оның өз бетінше жұмыс істеуіне орын берілмегендігі» үшін сынға алып, идеалды мектеп жобасын жасайды. Онда білім алу дамумен теңесіп бала тәжірибесінің реконструкциясы (қайта түлеу) немесе реорганизациясы (қайта ұйымдастырылуы) болады.

«Диалогтық философияны» жасаушы М.Бубер өз концепциясының принциптерін білім беру процесіне де қолданды. Білім берудің бұған дейінгі концепцияларында «Меннің» жеке болуына, оның өзіндік санасына ерекше мән беріліп келген болса, М.Бубер білім беруді «Мен» мен «Сен»нің кездесуі, құштарлыққа негізделген адамаралық қатынас ретінде түсіндіреді. Білім беруді ол мұғалімнің оқушыға еріксіз, мақсатты емес, бірге ойнау, еңбек ету барысында тікелей әсер етуі деп біледі.

Позитивизм дәстүрлерін жалғастыра отырып эмпирикалық-аналитикалық (тәжірибелік-сараптамалық) бағыт педагогикалық білімнің құрылымы, педагогикалық теорияның статусы, дискриптивті және нормативті педагогикалардың деректер туралы құндылықтық пікірлері мен сөздерінің арақатынасы сияқты мәселелерге көңіл бөледі (А.Фишер, Р.Лохнер, В.Брезинка).

Бұл бағытқа В.Дильтейдің тарихилық бағытын жалғастырған гуманитарлық педагогика қарсы тұрды. Онда педагогиканың рух туралы ғылым ретінде әдістерінің ерекшелігіне, гуманитарлық бағытталғандығына ерекше мән беріледі (Г.Ноль, Т.Литт. В.Флитнер, Э.Венигер).

Ресейде «тәрбие және білім беру философиясы» термині XIX ғасырда пайда болды. Алғашқылардың бірі болып оны В.В.Розанов қолданды. 1899 жылы ол: «Біздерде дидактика және бірқатар дидактикалар бар, біздерде қандай да бір қолөнер ма, өнер ма, теориясы ретіндегі жалпы педагогика бар ... Бірақ, біздерде тәрбие және білім беру философиясы деуге болатын, яғни тәрбиелеуді, білім берудің өзін басқа мәдени факторлар қатарында, сонымен бірге адам табиғатының қасиеттеріне, белгілеріне қатысты, тарихтың тұрақты міндеттеріне қатысты талқылау - болмаған және жоқ» деп жазды.

Көптеген философтардың көзқарастарын біріктіренін жайт: олардың фундаменталды дүниетанымдық, методологиялық мәселелерді шешуге негізделгендігі.

Білім беру философиясының аясына түсетін мәселелер жетерлік. Бұл мақалада біз ең маңызды деп санаған екеуіне тоқталып өтпекпіз. Оның бірі – И.Канттың педагогиканы негіздеп беруі, әлеуметтік білімнің осы саласының ғылымилығы туралы ойлары. Бүгінгі күні жалпы білім беру мектептері мен жоғары оқу орындарында оқушыларда методологиялық мәдениетті тәрбиелеу мәселесі қойылып отыр. Ол тек гносеологиялық мәселелер шеңберімен, әлемге тек танымдық қатынаспен шектелмейді. Методологиялық мәдениетті тәрбиелеу, адамды қалыптастыруда жаңа сапалық деңгейге көтерілумен бірге «субъекттің әлеуметтік қасиеттерін елеулі өзгертіп, әлемге жаңаша қарауға әкеліп, адам іс-әрекетін мағыналы етеді» [1].

И.Канттың педагогиканы негіздеуі – бұл тәрбиелеу процесін құрайтын фундаменталды компоненттерді жүйелі түрде зерттеу [1]. Білім беру мәселелері оның ойынша, көптеген мәселелермен байланысып жатады. Солардың қатарына мектепті өзгерту мен мұғалімдерді даярлаудың түбегейлі реформасы да кіреді.

Ғылымилық өлшемдерін анықтауда И.Кант, Жаңа Заман философиясының дәстүрлі көзқарастарымен салыстырғанда, елеулі қадам жасады. Оның сипаттамасы бойынша ғылыми білім күнделікті сана деңгейіндегі сан алуан мәліметтерден ұйымдастырылғандығымен ерекшеленеді. «Қарапайым білім» – деп жазды ол – «дәл осы жүйеге біріктірілудің арқасында ғылымға айналады, яғни қарапайым білімдер агрегатынан жүйеге айналады...».

Ғылымилық ұғымы И.Канттың философиясында екі қажетті және жеткілікті шартты қамтиды:

1) білімдерді ұйымдастырудың жүйелілігі және 2) оның қажетті түрде дұрыс, яғни толық және соңына дейін айқындалған, принциптерге негізделуі. И.Кант ғылымилықтың 1-ші элементі ретінде ендірген жүйелілік принципі өте нәтижелі болып шықты. Ол барлық ғылыми пәндердің дамуы үшін өте маңызды. Ғылыми педагогиканың зерттеулері де тек осы принципке сәйкес орындалуы қажет.

Бұрынғы қателіктерді қайталамас үшін, философтың айтуынша, білім берудің бүкіл бағдарламасын анықтайтын тәрбиелеу мен оқытудың басты мақсатын анық білу қажет.

И.Канттың педагогикасы бойынша «адамзаттың бойында көптеген мүмкіндіктер бар. Біздің міндетіміз адамды оның өз арнауына жеткізу үшін табиғи қабілеттерді пропорционалды дамыту мен адамның қасиеттерін түбірінен ашу» [3].

И.Канттың ойынша, адамның нағыз арнауы неде? (адам неге арналған?) деген сұраққа жауап бермейінше, дұрыс педагогикалық бағдарлама жасау мүмкін емес. Бірақ эмпирикалық мақсат бұл жерде жәрдем бере алмайды. Мысалы, әдетте жеке адам ұмтылыстарының мақсаты – бақытқа жету. Алайда әр адамның бақыт жайында өз түсінігі бар және ол көбінесе, жалпы түрде алғанда, ләззәт сезімімен байланысты болады. Ал бұл сезім, бәрімізге белгілі болғандай, дара бір адамның өзінде де өте тұрақсыз және өзгеріп отыратын мұқтаждықтарды қанағаттандырумен байланысты болады. Оған қоса, бақыттың барлық құрамдас элементтері (денсаулық, байлық, атақ т.б.) тәжірибеден алынған, сондықтан эмпирикалық сипатқа ие. Қалағанына қол жеткізу үшін адамға өз денсаулығын күту, еңбек ету, үнемді болу және с.с. қасиеттерінің жәрдемі зор. Бірақ олар имандылық принциптеріне де, педагогиканың міндеттеріне де жатпайды. Иmandылық ешбір материалдық негізге тәуелді болмауы керек, өйткені ерік өзіне өзі, әрбір парасатты жан үшін міндетті деп саналатын, заң жасауы қажет. Иmandы мінез-құлықтың жоғары принципін философ категориялық (шүбәсіз) императив деп атайды. Онда И.Канттың пікірінше, адамдар мінез-құлығының универсалды ережесі берілген. Ғалым оны келесі қағидасы арқылы жеткізеді: «Әрқашан өзіңе де, өзге адамға да тек мақсат ретінде қарап, ешқашан оны тек құрал ретінде пайдаланба!». И.Канттың этикалық ілімінде категориялық императив жеке объектіге қатысты емес, ол тек бүкіл адамзатқа қатысты мағынада алынады, яғни әрбір нақты адамның рулық мәніне қатысты. И.Кант «моральдық заңның қасиеттілігін» (мызғымастығын) атап ескертеді: «әрине, адам мұншалықты қасиетті болмаса да онда бейнеленген адамзат ол үшін қасиетті болуы керек». Адамның бойындағы дәл осы адамилық әрбір ақыл-ой иесі үшін жоғарғы құндылық, әрекеттерінің мақсаты болады. Сөйтіп жалпы абстрактілі моральдық тиістілік педагог үшін кезкелген педагогикалық құбылыстарды бағалауына, олардың моральдық мәнін түсінуге негіз болады. Бұл жалпы абстрактілі моральдық тиістілік гуманистік мазмұнға ие болып, «гуманизм» ұғымының өлшеміне айналды. Идеялық бағыт ретінде гуманизм Қайта өрлеу дәуірінде пайда болып, тұлғаның еркіндігі мен тәуелсіздігін қорғауды, адамды ең әуелден дін догматтары мен шіркеудің шырғауынан босатуды білдірді. И.Кант Данте және Петрарка, Эразм Роттердамский және Рабле, Бруно және Монтеньдердің жолын жалғастырды. Оның гуманизмі бір уақытта тұлғаның достонстваларын және адам құқықтарын ұғынуды тереңдетеді. И.Кант басты моральдық заңын адамзат идеясына негіздеп, келесі қорытындыға келеді: моральдық сана мен моральдық талаптардың бастапқы нүктесі жеке, жалғыз адам емес, ондай моральдық императивтерді генерациялайтын субъект болуға тек қоғам қабілетті. И.Кант бойынша, педагогиканың міндеті ол орнатқан этикалық негіздемеден туындап, ең әуелден моральдық заңдардың оқушының жанын бойлауын, ал моральдық нормалардың ол үшін субъективті маңызға ие болуын қамтамасыз ету.

Білім беру жүйесінің стратегиясы өткен шаққа немесе қазіргі кезге емес, болар шаққа бағытталған болуы керек. «Балалар адамзаттың бүгінгі үшін емес, одан әлде қайда артық болуға тиісті ертеңі үшін, яғни адамзат идеясы үшін және оның жалпы арнауына сәйкес

тәрбиеленуі керек». И.Кант мектепте ғылымдарды үйретудің практикаға бағытталу қажеттігін айтты, сонда оқушы тек оқу орнының талаптарына ғана емес, сонымен бірге «өмірге жарамды білім алып, соның арқасында, өзі таңдаған салаға толық дайын болып шығады».

Ойлау дағдыларының қалыптасуы екі түрде өтуі мүмкін: оқушы мұғалімді тек тыңдайды немесе мұғалімге сұрақ қойып, өз пікірін, түсінігін айтып отырады. Әрине ешқашан бірінші әдістен толық бас тартуға болмас, өйткені, оқушыға өз бетімен ойлануы үшін белгілі мәлімет қажет, ал деректерден хабардар ету оқытушының міндетіне кіреді. Бірақ, мұғалім айтқан мәліметті енжар қабылдап қана қою оқушының ойын толық мөлшерде дамытпайды. Сондықтан, оқыту-үйрету диалог түрінде жүргізілу керек. Оқытудың бұл түрі жекеден жалпыға, эмпириялық ұғымдардан абстрактілілерге өтуді ұйғарады. И.Кант бойынша оқытудың магистралды жолы дәл осындай: алдымен тәжірибеде ес дамып, содан кейін қалыптасқан ұғымдар пайым арқылы оның негіздеделеріне сәйкес танылып, соңында ғылым арқылы жүйеге келтіріледі. Нағыз ұстаз өз оқушысын осындай жолмен алып өтеді.

Философиялық негіздемені дұрыс таңдамаудың неге әкелері бүгінде бәрімізге белгілі. Әйтеуір жалпы бір психика деген мүлдем жоқ, және ол «өздігінен» пайда болмайды, оны «жасау», қалыптастыру, тәрбиелеу, жарату керек. Ол үшін - Не тәрбиелемекпіз? Психика дегеніміздің өзі не? Арнайы адам психикасы – интеллект, сана, ерік дегеніміз не? Қандай жағдайда адам психикасы дұрыс дамып, ал қандай жағдайда көріксіз нәтижеге, педагогикалық ақаулыққа әкеледі? - анықтап алу қажет. Бұның барлығы - әрбір ата-ана, бала-бақша, мектеп, жоғары оқу орны алдында тұрған сұрақтар.

Бұдан ғылым ретінде педагогика үшін және практикалық қызметкерлер үшін шығатын қорытынды қандай? Педагогика үшін ең бастысы философиялық негіздеме болмақ. Егер оны дұрыс анықтамаса немесе толық ұқпаса, педагог жалған іс бастап, тұлғаға өшпес зиян келтіреді. Енді философия және білім беру философиясы арасындағы қатынас жайында бірер сөз. Әрине оларды толық айыру мүмкін емес. Білім беру философиясының мәні, біздің ойымызша, адамның қалыптасуына қатысты ұғымдарды пайдалана отырып, мәдениеттің ерекше жақтары жайында философиялық рефлексиялау. Білім беру философиясы бұл жерде мәдениеттен сусындаған, өзінің мәндік қасиеттерін іске асыруға мүмкіндік алған адам өмірінің философиясы ретінде орын алады. Философия білімнің ерекше формасы. Оның аясында адам өзі, әлемде алатын орны жайындағы ойларын аксиологиялық сараптаудан өткізеді. Егерде мәдениет адамның мәндік қасиеттерін іске асырудың потенциалды құралы болса, онда философия мәдениеттің өзіндік санасымен байланысты деген тұжырыммен келісуге болады.

Философияда білім беру саласы үшін ерекше құнды қасиет бар: оның мәңгі, «шешілмегендік» сипаты, көпнұсқалы жауаптар мүмкіндігі, таным құралдарына рефлексивті қатынас, логикалық пен дәйектілік талабы, сананың когнитивті, этикалық және эстетикалық қабілеттерінің іске қосылуы және т.б. Бұлардың барлығы философия әдістерін догматикалық емес, жұмсақ контекстуалды және сонымен бірге қатаң, дәлелді ойлау дағдыларын қалыптастырудың уникалды құралына айналдырады. Философиялық категориялардың универсалдылығы мектептік білімнің фрагментарлығын жеңуге, оны оқушының қабылдауына қолайлы етеді. Өмір мен кәсіпке қадам жасағандар үшін философияның пәндік шеңберлері түрлі өмірлік мәні бар мәселелер жайында ой қозғауға, яғни өзінің өмірлік бағдарларын рефлексивті анықтауға мүмкіндік береді. Философиялық білім бұндай бағдарларды қазіргі кезде маңыздылығы артып отырған универсалды (жергілікті емес) деңгейде қарастыруға жол ашады. Философияның білім берудің жаңа парадигмасына бейімделуі ғылыми әдебиетте айқын көріне бастады. Мысалы: педагогикалық кеністіктің мәдениеті мен архитектурасы; сыншыл ой; Сократтық оқыту; сыни ойлау мен білім беру реформасы; т.б.

Бүгінгі күннің кең талқыланып жүрген мәселелерінің бірі – философияны тәрбиелеу құралы ретінде пайдалану мәселесі.

Оқушыларды философияның көмегімен пайымдауға үйрету идеясын кезінде И.Кант, В.Ф.Гегельдер көтерген болатын. Өткен ғасырда орыс жазушысы П.Д. Бабрыкин француз лицейлерінде философияны жүргізу практикасымен танысып, оны ресей гимназияларына ендіруді ұсынған. Л.Толстой осы мақсатта балаларға арналған өсиет әңгімелер жазған. Қазір білім беру саласында жастарды интеллектуалды мәдениет тарихы мен дәстүрлеріне қатыстыру міндеті қойылған.

Бірақ басқада философиялық-педагогикалық стратегия бар. Ол балаларға арналған философияны дамыту институтында (Монтклер, АҚШ) М.Липманның жетекшілігімен дайындалған. Оны дайындауға Э.Шарп, Ф.Асканян, Р.Рид, Г.Метьюс, М.Притчард т.б. қатысқан. Он жылға есептелген бағдарлама бойынша философия балалардың білімпаздығы, жаңаға құмарлығы өшпей тұрып, интеллекті дамуға қабілетті кезде, мінез-құлқы стереотипті болмай тұрғанда, танымдық құзығушылықты мектептің сонына дейін қолдап отыру үшін, төменгі кластардан бастап ендіріледі.

Философиялық білімді трансляциялаудың мәдени-ақпараттық тәсілінің орнына авторлар шешімдік-әрекеттік тәсілді ұсынады. Философияға кірісуді философиялық инструментарийді бірте-бірте ендіре отырып, мәселе коюдан, қызығушылықты оятуда, мүмкін болған талқылаулардан бастау керек. Оқушыларды тек философия туралы мәліметпен таныстырып қана қоймай, оларды ойлануға, мәселені шешуге тарту керек. Көне және қазіргі даналардың интеллектуалды жетістіктерімен танысу, оқушыларды қарапайым мектеп мәселелерінің философиялық өлшемдерін көрсетпейінше, оларды шешіп үйренуге қатыстырмайынша дербес ойлануға үйретпейді. Мәселе ауқымды проблемаларды оқушының қабылдауына бейімдеп, реалды философиялық ойлауға үйрету. Үлгі ретінде Сократ, Платон, Аристотель, Декарт, Кант, Гегель, Дьюи және т.б. есімдерімен байланысты сыни және рационалды ойлаудың дәстүрін алып оларды келесіше реконструкциялауға болады. Оқу пәнінің мазмұнына қатысты, универсалды маңыздылығы бар мәселелерді бір үлкен проблемаға біріктіріп, оқушыларға ұсынуға болады. Көптеген авторлар біздің қоғамның білім беру саласының үмітсіздігі туралы айтып келеді. Өйткені ол мазмұны жағынан жұтаң және көріксіз, ешкімді де шабыттандырып, асқақ істерге бастап, біздің рухымызды алаңдаушылық күйіне келтіре алмайды. Біздің мектептеріміз тапжылмай адамды асқақ ойлардан алшақтатып, дағдылы, прагматикалық істермен айналысуды ұсынады. Ол адамда кемістік сезімін тұдырып, оның утилитарлы арнауы туралы ойларға иландырады, ертеңге емес, кешегіге бағыттайды, еріктен айырады. Адамға рухани өмірінің жұтандығын білдірмей, оның жоғарғы міндеті – еңбек деген идеяны санасына құяды. Өмірдің рухани қабаты алынып, прагматикалық мақсаттармен алмастырылады.

Нәтижесінде адам әуелден өзін заттар әлемінде іске асырады. Э.Фроммның болу немесе иемдену альтернативасы иемденудің пайдасына шешіледі, яғни бірдеңені иемдену үшін болудан бас тарту орын алады. Барған сайын қоғам өмірінің негізін Г.Маркузенің схемасы бойынша дамып отырған көпқабатты қоғамның құндылықтық ұстанымдары анықтайды: өздерінің әлеуметтік статусына сай төменгі қабаттарда тұратын адамдар болашақ мақсаттарын жоғарғы қабаттарда тұратын адамдардың өмір сүру тәсілінен көреді. Бүгінгі күннің мақсаты «жоғарыдағылардыкіндей» автомобиль болса, оған бар күшін салып қолжеткізгенде, олар үшін болмыс трагедиясы аяқталмайды: «жоғарыдағыларда» енді самолет пайда болғанын байқаған адамда қайта өзін-өзі кем сезіну комплексі дамиды. Тағыда ашкөздік және мүмкін емес нәрсеге қолжеткізу әрекеттері.

Сонымен, жетілудің орнына кері басу орын алады, яғни мәдениетсіздікке қарай жылжу, өйткені мәдени өсу білмегенге, танымағанға қарай рухани, интеллектуалды ұмтылысты білдіреді. Осы айтылғандарға оқушылардың оқуға ынтасыздығын қоссақ, онда білімдер жүйесі, біздің мәдениетіміз, жалпы адам дағдарысы жайында айту керек болар.

Білім дағдарысының бір көрінісі – кафедрадан айтылған білімдер мен өмірде орын алатын білімдердің бір-бірімен сәйкес келмеуі. Бір-бірімен жанаспайтын білімдердің екі ағысы бардай. Олардың өзара әрекеттесуі минималды. Келер ұрпаққа беріп отырған білімдер олардың жеке тұлғалық тәжірибесін айқындамақ емес, керісінше, оның кері дамуына ықпал етеді. Сөйтіп, адамның қалыптасу мен оның өзін айқындау процесінің логикасына сәйкес, тұлғаның рухани қалыптасуы оның интеллектуалды дамуына ілесе алмайды.

Егер де біз әлеуметтік-тарихи, мәдени кеңістіктің бір нүктесіне сәйкес келгіміз келсе, келесі сұрақтарға жауап беруіміз керек: Біз кіміз? Кеңістіктің қандай нүктесінде орналасқанбыз? Қалаған жағдайға жету траекторияларының қандайлары біздер үшін қолайлы және ұтымды?

Әдебиет

- 1 Кант И. Сочинения. - М., 1965.
- 2 Кант И. Трактаты и письма. - М., 1980.
- 3 Конев М. Культура и архитектура педагогического пространства //Вопросы философии.-2006.- №10.

Резюме

В статье говорится о философии образования как сущности мировоззренческих оснований процесса образования. Проводится мысль, что философские основания являются главными для педагогики. Определив их неверно или не осознав до конца, можно нанести непоправимый ущерб личности.

Summary

The philosophy base of education process is considered, here we observe the problems of human spiritual growth in this article.